

Астана қаласында ғылыми білім беру кешенін құру мәселелері жөнінде жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 21 наурыздағы N 63-ө Өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007 жылғы 19 қарашадағы N 345-ө Өкімімен

Ескерту. Өкімнің күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007 жылғы 19 қарашадағы N 345-ө Өкімімен.

Астана қаласында ғылыми білім беру кешенін құру және дамыту жолымен Қазақстан экономикасы секторларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Мәсімов	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Кәрім Қажымқанұлы	орынбасары, жетекші
Шөкеев	- Астана қаласының әкімі, жетекшінің
Өмірзақ Естайұлы	орынбасары
Әйтимова	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
Бірғаным Сарықызы	министрі
Смайылов	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-
Әлихан Асханұлы	министрі
Құсайынов	- Қазақстан Республикасының Экономика және
Марат Әпсеметұлы	бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Исекешев	- Қазақстан Республикасының Индустрия және
Әсет Өрентайұлы	сауда вице-министрі
Құдайбергенов	- Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру қоры
Мұрат Әнуарбекұлы	директорының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
Әбдірахманов Болат	- Қазақстан-Британ техникалық университетінің
Қамарханұлы	бірінші проректоры (келісім бойынша)
Нұрғожин	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Марат Рахымәліұлы	министрлігі Білім беруді дамыту стратегиясы және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры, хатшы

2. Ж ұ м ы с т о б ы :

1) 2006 жылғы 20 наурызға дейін Астана қаласында "Жаңа университет"

ғылыми білім беру кешенін құру тұжырымдамасын әзірлеу үшін жедел топ құрылсын;

2) 2006 жылғы 20 сәуірге дейін Астана қаласында "Жаңа университет" ғылыми білім беру кешенін құру тұжырымдамасын әзірлесін;

3) 2006 жылғы 20 мамырға дейін Астана қаласында "Жаңа университет" ғылыми білім беру кешенін ұйымдастырудың жоспар-кестесін әзірлесін;

4) қажет болған кезде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне 2006 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау жөніндегі ұсыныстар мен 2007 жылға арналған бюджеттік өтінімді енгізсін.

3. Астана қаласының әкімдігі жұмыс тобын ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырсын.

Премьер-Министр